



ПРЕЗИДЕНТ

«РЕФОРМАЛАРДЫҢ НӘТИЖЕСІН ӘРБІР АЗАМАТ НАҚТЫ СЕЗІНУІ ҚАЖЕТ»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөнінде кеңейтілген кеңес өтті. Жиынға Премьер-министр, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің төрағалары, Президентке есеп беретін мемлекеттік органдардың басшылары, Үкімет мүшелері, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстар мен аудандардың әкімдері, парламенттік фракциялардың жетекшілері, сондай-ақ Парламент палаталары, облыстық және аудандық мәслихаттар комитеттерінің төрағалары қатысты.

Мемлекет басшысы жуырда өткен Мәжіліс және мәслихат депутаттарының сайлауынан кейін Үкімет қайта жасақталғанын, осылайша ауқымды саяси өзгерістің алғашқы кезеңі аяқталғанын айтты. — Ал бүгін әлеуметтік-экономикалық саладағы мақсат-міндеттерді айқындап алуымыз керек. Үкімет және барлық деңгейдегі әкімдер соған сүйеніп жұмыс істейтін болады. Осы басқосуға мәслихаттардың өкілдері қатысып отыр. Бұл да — нақты саяси өзгерістердің нышаны. Аткарушы және өкілді билік арасында тиімді қарым-қатынас орнату өте маңызды. Қажет болса, олар бірін-бірі толықтырып, қолдап отыру керек. Мұның бәрі мемлекеттік саясатты тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ ел мүддесін ескере отырып шешім қабылдауға жол ашады, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, реформалар нәтижесінде елімізді көп нәрсе өзгертіп, мысалы, алғаш рет премьер-министрдің кандидатурасын сайлауда жеңіске жеткен партия ұсынды. «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» концепциясы нақты жұмыс істей бастады. Саяси рефор-

малар дамудың жана кезеңіне жол ашып берді. Сонымен бірге экономиканы түбегейлі жаңғыртудың берік негізін қалады.

— Әркім мына мәселені айқын түсінуі керек. Қазақстан — осы геосаяси аймақта ауқымды, демократияны арқау еткен реформалар жолына түскен бірден-бір мемлекет. Сондықтан бізге оңай болмайды. Бірақ бұл жолды қалайда жүріп өтуге тиіспіз. Енді жұмысқа жұмыла кірісеміз.

Осында отырған әрбір мемлекеттік қызметші өзіне орасан зор міндет жүктеліп отырғанын сезінуге тиіс. Бұл — ең алдымен, барша Қазақстан халқының алдындағы жауапкершілік. Сіздердің шешімдеріңіз бен іс-әрекеттеріңіз елдің бүгінгі мен болашағына тікелей әсер етеді. Сондықтан күнделікті мәселелерді шұғыл шешумен ғана шектелмеу керек. Сіздер мемлекетшіл-реформатор болуларыңыз қажет.

Реформаларымыздың түпкі мақсаты — халықтың өмірін жақсарту. Ол үшін тұрғындардың табысын көбейту керек. Жайлы өмір сүруіне жағдай жасап, қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет. Азаматтардың өзін-өзі дамытуы-



на барлық мүмкіндік жасалуға тиіс. Мұның бәрін мықты нарықтық экономика болса ғана, табысты жүзеге асыра аламыз, — деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент азаматтардың қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған шынайы нарықтық экономикаға көшу қажеттігін атап өтті. Алдымызда күрделі кезең тұрғанын, қиын-қыстау заманда өмір сүріп жатқанымызды да жасырмады.

— Дәстүрлі экономикалық және логистикалық байланыстар үзіліп жатыр. Оған қоса инфляция шарықтап тұр. Әлем экономикасының

даму қарқыны төмендеп кетті. Мемлекеттер қарызға белшеден багты. Сауда-саттыққа кедергі көбейді. Сондай-ақ елдердің өзара сенімі азайып барады. Мұның бәрі әлем экономикасындағы қалыпты жағдайға айналды. Бұдан былай табиғи байлық еліміздің орнықты дамуына негіз бола алмайды, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан мұнай және газ өндіруші ел ретінде жана геэкономикалық жағдайға бейімделуі керек. Экономиканы әртараптандыру — уақыт талабы әрі стратегиялық міндет. Бұл туралы үнемі айтылғанымен, істен

сөз көбейгенін, дереу іске көшпесек, әлемдік баскеде озық бола алмайтынымызды, яғни әлем экономикасында көш соңында қалуымызға тура келетінін ескертті.

Өткен жылы экономикадағы өсім тәуір болғанымен, оған тоқмейілсуге ерте. Қосымша өсім көздерін іздеу керек. Бұл — уақыт пен қазіргі жағдайдың талабы.

Сарапшылардың айтуынша, Қазақстанның табыс деңгейі жоғары елдер қатарына өтуі үшін жылдық өсім 6 пайыз деңгейінде, яғни бүгінгіден бір жарым есе жоғары қарқынмен даму керек. — Сондықтан нарыққа

катысушылардың бәрі батыл әрі шұғыл шаралар қабылдауға тиіс. Мемлекеттің қолдауына ие болып отырған ірі бизнес өкілдері айрықша рөл атқарады. Табысты осы жерден тауып, шетелде шашу әдетінен арылу керек. Есесіне елдегі әлеуметтік мәселелерді шешуге көбірек үлес қосуға ұмтылған жөн. Ірі кәсіпкерлер Қазақстанда тапқан табысын басқа жақта емес, өз еліміздегі бизнесін дамытуға жұмсағаны абзал. Жұмысын осы талапқа бейімдей алған ірі кәсіпкерлер нағыз ұлттық бизнес-элитаны айналады. Халықтың құрметіне бөленіп, мемлекеттің қорғауы

мен қолдауына ие болады. Сонымен қатар бізге «кәсіпкерлердің жана толқыны» керек. Мемлекеттің ресурсына арқа сүйемей, бойындағы дарыны мен іскерлігі арқылы тұрақты әрі мықты кәсіп құра білген «тың күштер» қажет, — деді Президент.

Мемлекет басшысы көпшілікке белгілі «әлеуметтік лифт» ұғымына ұқсас кәсіпкерлерге арналған «экономикалық лифт» құрудың тиімділігін атап айтты.

— Негізі, әр аймақта сондай кәсіпкерлер бар. Міне, осы азаматтар нағыз қолдауға лайық. Олардың ісін елге танытып, кәсібін мемлекеттік деңгейге шығарған абзал. Сонымен қатар оларды бюрократтар мен күштік құрылымдардың заңсыз әрекеттерінен қорғау қажет. Мен өзім де осындай кәсіпкерлерді ара-тұра қабылдап, қолдау көрсетіп жүрмін. Ірі және орта бизнес саласында жүйелі жұмыс жүргізу керек. Осы екі бағыт экономикалық саясаттың аса маңызды жана баядарына айналуға тиіс, — деді Мемлекет басшысы.

Алдағы жұмыстың нақты 8 бағытын атап өткен Президент, ең алдымен, азық-түлік бағасының өсімі, инфляцияның шарықтау шегіне жеткенін айтты.

— Жұрттың ай сайын жұмсайтын қаржысының тең жартысынан көбі азық-түлік алуға кетеді. Үкіметтің өрекеті жеткіліксіз болып отыр. Тыйым салу және шектеу шаралары уақытша ғана әсер етеді. Мұндай қадамдар қиындықтың бетін қайтарса да, одан біржола құтылуға мүмкіндік бермейді, тіпті мәселені ушықтырады дегуге болады. 2-бет

ЕГІН-2023

ДАЛА ТӨСІ ДУБІРГЕ ТОЛДЫ

Биыл облыс бойынша 195,6 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдарын егу межеленіп отыр. Ал негізгі дақыл — күріштің көлемі 83,9 мың гектарды құрайды. Былтырғымен салыстырғанда егіс көлемі 7 мың, күріш 5,3 мың, малазықтық дақылдар 2,3 мың және картоп, көкөніс, бақша көлемін 222 гектарға ұлғайту жоспарланған. Вегетация кезеңінде су лимиті белгіленгеннен соң бұл көрсеткіш қайта нақтыланбақ. Аймақта күріш егу сәуір айының үшінші онкүндігінде басталады. Қазір көктемгі дала жұмыстары қызу жүруде.

Ср Ержан КОЖАС,
«Сыр бойы»



Қазалы ауданы биыл 17612 гектарға түрлі ауыл шаруашылығы дақылдарын егуді жоспарлаған. Оның ішінде негізгі дақыл — Сыр салысы 7 мың гектарға жуықтайды. Сондай-ақ дәнді дақылдардан бидай, арпа, тары, майлы дақылдардан күнбағыс пен мақсары бар.

НАРЫҚ

«КӨКТЕМДЕ КӨКӨНІС ЖЕУ КЕРЕК» ДЕГЕНМЕН ОҒАН КӨПТІҢ ҚОЛЫ ЖЕТЕ МЕ?

Көктемнің екінші айы аяқталуға жақындаса да, көк базардағы көкөніс пен жеміс-жидектің бағасы түсер емес. Қыста қияр мен қызанақтың шарықтағаны сонша, еттің бағасына дейін барды. Сондықтан ол қарапайым отбасына қолжетімді емес. Ал дәрігерлер көктемде ағзаны қажетті дәруменмен қамтамасыз етуге көкөністің маңызы көп екенін айтады.



Ср Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Бірнеше баласы бар отбасылар көкөніс пен жеміс-жидекті аялда-саңда пайдаланады десек те болады. Мерекеледе немесе қонақ келгенде бұл өнімдер дастарханнан табылып қалатыны рас. Онда да барын мейманның алдына тосатын қазақы әдетімізбен «артылса ғана жейсің» деп баланы шектейміз. Қимағандықтан емес, бағасы удай болғандықтан солай етуге мәжбүрміз. Қазір жемістердің түр-түрі көп. Оның біраз бөлігі Иран, Түркіменстан, Қытай, Өзбекстан, Аргентинадан келеді. Бірақ айлығы шайлығынан артылмайтындар үшін бағасы қалтаға қонымсыз.

Дәл қазіргі уақытта ағзаға көмекші дәруменнің көзі — жемістер мен көкөністің базардағы бағасын бағамдап көрелік. Қыста бағасы 1400-ден сатылған қияр қазір екі есеге дейін арзанданған, келісі 700 тенгеден сатылуда. Ал қызанақ 960-800 тенге аралығында болса, жана шыққан қырыққабаттың келісі 600, тәтті бұрыш 2800, бақлажан 1000, картоп 160-180, сәбіз 160-180, жуа 250-280 тенгеден. Жемістерге келсек, алманың арзаны 350-ден басталып, 450-650 тенгеге дейін, жүзім 800-900, құлпынай 2800 тенгеден, мандарин 650-1200, банан 970 тенге аралығында. 3-бет

«СЫР ҮМІТІ»

ЖАСАМПАЗ ЕЛДІҢ ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАРЫ

Кеше облыс әкімдігі жанындағы жастар істері жөніндегі кеңес отырысы өтті. Жиынды облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов жүргізді. Қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов баяндамасында жастар мәселесін жан-жақты талдады. Шара барысында «Сыр үміті» жастар сыйлығы табысталып, белсенді жерлестеріміз марапат төрінде төрінде.

Ср Айдар САЙЛАУОВ,
«Сыр бойы»



